Әділет

# Шымкент қаласының бас жоспары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 446 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 1134 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.03 № 1134 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес және Шымкент қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шымкент қаласының бас жоспары бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының бас жоспарын және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1971 жылғы 28 мамырдағы N 302 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 сәуірдегі
N 446 қаулысымен
бекітілген

## Шымкент қаласының бас жоспары туралы

### 1. Бас жоспардың мақсаты

Шымкент қаласының Бас жоспары қала инфрақұрылымын дамытудың және табиғи кешені аумақтарын дамытудың, тұрғын үйлерді қайта салудың және өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастырудың, қоғамдық, іскерлік және мәдени орталықтарын, туризм және демалыс объектілерін дамытудың, қала ішін кешенді көркейтудің және эстетикалық тұрғыдан ұйымдастырудың, Шымкент қаласы әкімшілік аудандарының және басқа да аумақтық бірліктері аумақтарын дамытудың қала құрылысы жобаларын әзірлеу мен іске асырудың, қаланы жоспарлау мен құрылыс салу жобаларын әзірлеу және перспективалық, бірінші

кезектегі міндеттерді жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

Шымкент қаласы Бас жоспарының басты мақсаты - қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік жағынан ыңғайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған қала құрылысы іс-шараларының кешенін жүргізу.

Шымкент қаласын дамыту Бас жоспарының тұжырымдамасы қала дамуының принциптік базалық негіздерін және перспективалық даму принциптерін айқындайды.

Бас жоспардың негізі сәулет - қала құрылысы идеясы - Шымкент қаласының келбетін сақтау мен қалыптастыру болып табылады.

## 2. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

### Демография

2030 жылға дейінгі перспективада демографиялық процестердің серпіні қоғам өмірінде өсе түсіп отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және қайта жаңғыртулар барысында қалыптасқан дәстүрлі, ертеден қалыптасқан қоғамдық даму факторларының бүкіл жиынтығының өзара әрекеттестігімен айқындалатын болады.

Шымкент қаласы демографиялық дамуының сипаты халықтың табиғи және көші-қон қозғалысы ретінде айқындалатын болады, олардың ауқымы және бағыты әлеуметтік қайта жаңғырулар нәтижелеріне:

- қаланың экономикалық әлеуметінің дамуына;
- тұрғын үй рыногының дамуына;
- жұмыспен қамтуға және еңбекке ақы төлеу деңгейіне;
- мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясатқа және басқа факторларға тәуелді болады.

Халықтық перспективалық санының болжамдық нұсқалары халықтың табиғи өсімінің кезең-кезеңімен артуды болжауды ескере отырып, өмір сүрудің ұзақтығын ұлғайту және көші-қон өсімі есебіне сүйенеді. 2000-2002 жылдары халық көші-қонының оң сальдосына қол жеткізілді және болжамды кезеңге дейін осылай болады деп көзделуде.

Перспективадағы табиғи өсім коэффициентінің орташа мәні 2005 жылға - 0,9%, 2010 жылға - 1,1%, 2015 жылға - 1,2% және тұжырымдаманың есепті мерзімінің аяғына қарай (2030 жыл) - 1,3% болады деп қабылданған.

Халықтың қазіргі саны (01.01.2001ж.) - 418,5 мың адам. Шымкент халқының 2030 жылға дейінгі кезеңдегі болжамды саны тұрақты және қарқынды демографиялық үрдістермен айқындалады. Болжамның аса ықтималды

нұсқалары бойынша Шымкент қаласы халқының перспективалық саны 2015 жылға дейін 600 мың адам және 2030 жылға дейін 900 мың адам болуы мүмкін.

Экономика салалары бойынша халықты жұмыспен қамту құрылымының есепті көрсеткіштері 2015 жылға қарай 237,6 мың адамға дейін жеткізілуі мүмкін , мұның өзі экономика салаларында жұмыспен қамтылған қазіргі санмен салыстырғанда 80,5 мың адамға көп.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысын дамытудың негізгі мақсаты - бұл қаралып отырған аумақта әлеуметтік-психологиялық жайлы жағдайды және орташа жоғары өмір сүру деңгейін туғызу.

Шымкент қаласы қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары тиімділігінің экономикалық көрсеткіштері 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылға қарай:

- жалпы аймақтық өнім өндіру көлемін 3 есе;
- күрделі қаржылар көлемін салыстырымды бағалармен 2,5 есе;
- жан басына шаққандағы табысты 2 еседен астам ұлғайту болып табылады.

## Тұрғын үй құрылысы

Тұрғын үйлер ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары қаланың бүкіл тұрғын үй қорын есептелген мерзімге 15 млн. $^{2}$ ұлғайта отырып, орта есеппен бір адамға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз етуді 17,5 м $^{2}$ -ден 5 м $^{2}$ -ге жеткізуді көздейді. Құрылыс бос аумақтарда жүзеге асырылатын болады. Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі жаңа құрылыстың жалпы көлемінің 25-30% құрайды.

Шымкент қаласы тұрғын үйлер аумақтарын қайта құру мен дамытудың басым бағыттары мыналар болып табылады:

- қаланың аумақтарды аса күшті пайдаланатын құрылымдық бөліктеріндегі қазіргі құрылысының тығыздығы төмен аудандарды қайта құру (магистралдық аумақтардың, қала кіндігінің, қала тораптарының маңы және басқалары);
- шағын қабатты тозығы жеткен үйлерді бұзу аумақтың жалпы ауданының 0,4 млн. м $^{2}$ -і болады, бұзудан босаған 375 га жер көше-жол желісін кеңейтуге және қалыптастыруға, жасыл желекті жалпы қала орталығына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері құрылысын салуға пайдаланылатын болады;
- олардың 185 гектары теміржол магистралынан, өнеркәсіп кәсіпорындары аймақтарынан санитарлық-қорғау аумақтарына тура келеді;
- құрылысы аяқталмаған объектілерді салып бітіру және қалыптасқан құрылыстар шегінен тыс қаланың бос аумақтарында тұрғын үйлер кешендерін қалыптастыру;
- табиғи-ландшафт қыртысы бар және урбанизацияланған аумақтардың

түйіскен аймақтарында шағын қабатты және тығыздығы жоғары тұрғын үйлер құрылыстарының кешенін қалыптастыру;

- XII-XVII ғасырлардың тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын тұрғын үй орамдары мен кешендерін қайта жаңарту, қайта құру және жайластыру;

- күрделі жөндеуді, қайта жоспарлауды, қайта құрылатын қор қондырмасын қамтитын жаппай құрылыс салу аудандарын кезең-кезеңімен қайта құру (1960-80 жылдардағы және одан кейінгі кезеңдердегі ықшам аудандар).

Қаланың муниципалдық тұрғын үй қоры қалыптасып келе жатқан тұрғын үй рыногының аса маңызды бөліктерінің біріне айналады. Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын және оларға теңестірілген жіктері үшін муниципальдық тұрғын үйлер салу экономикалық жағынан дамыған елдердің тәжірибесі бойынша құрылыстың жалпы көлемінің шамамен 25-30%-і болуға тиіс. Бұл негізінен алғанда ең арзан және жалпыға бірдей технологияны қолдану арқылы салынған, заңнамамен кепілдік жасалған тұрғын үйлермен қамтамасыз ету деңгейіне бағдарланған пәтерлері болатын көп қабатты үйлер.

Жаңа муниципалдық тұрғын үй құрылысының көлемі 2015 жылға дейін салуы көзделген пайдалануға берілетін жалпы ауданның шамамен 2,1 млн.$м^3$-і немесе жылына орта есеппен 140 мың $м^2$ болады.

Бас жоспарда мекемелердің қызмет көрсетуінің әлеуметтік-кепілді минимумын қамтамасыз етуге қол жеткізуіне бағытталған әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысының жаңа жағдайлары мен 2015 жылға қарай қалалық маңызы бар объектілерді дамытудың нормативті көрсеткіштерін ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту көзделеді.

**Экономикалық қызмет**

Шымкент қаласы аумағында экономикалық қызметтің салааралық құрылымын қайта ұйымдастыру, соның ішінде: ғылымның, білімнің, мәдениеттің және жоғары технологиялы өнеркәсіптің рөлін сақтау, өндірістік, іскерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, қызмет көрсету салаларын, туризмді және рекреацияны дамытуды ынталандыру, экологиялық жағынан қауіпті және ресурстарды көп қажет ететін өндірістерді тарату, қайта ұйымдастыру ұсынылады.

Материалдық өндіріс аясын қайта құрылымдау саласын жүзеге асыру ғылымды қажетсінетін және ресурстар үнемдейтін технологиялардың пайдасына ұсынылады.

Шымкент қаласының облыстық маңызы бар қала мәртебесін сақтауы болжанады және ғылыми-техникалық, білім беру, мәдени, әлеуметтік, өндірістік

және инфрақұрылымдық әлеуеттерді, облыстық және республикалық маңызы бар нарықтық инфрақұрылымдар институттары желілерін қарқынды дамыту көзделуде.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын одан әрі тиімді ұштастыру және олардың өзара іс-қимылы жоспарланады.

Бас жоспарда өндірістік аумақтарда қайта ұйымдастыру ұсынылады, мұның өзі экологиялық қауіпсіздікті арттыру және қаланың даму мүддесі үшін бұл аумақтардың қала құрылысы әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану мақсатын көздейді.

## Қаланың рекреациялық инфрақұрылымы

Қаланың экономикалық қызметінің жаңа саласы - туризм қызметін көрсету үшін инфрақұрылымды дамытудың кешенді қалалық бағдарламасы Шымкент қаласының тарихи мұра мен табиғат әлеуетін сақтаудың, қайта жаңғыртудың және қалпына келтірудің қаржы проблемаларын түбегейлі шешуге қабілетті тарихи-мәдени мұрасы мен бірегей табиғи маңайының әлеуетін пайдаланатын қала экономикасының жаңа тиімді секторын құруды мақсат етеді.

Қазақстаннан шыққандардың отанына келуге мүмкіндік беретін этникалық туризм перспективалық түрлердің бірі болып табылады. Туристік тасқынның бірі 3 млн. адамға дейін есептелетін қазақ диаспорасы болып табылады.

Әлеуетті бағыттар құрылымында ұлы Жібек Жолындағы туризм ерекше орын алады.

Халықаралық іс-қимылды өркендету және туристік сұранысты қанағаттандыру міндеттері тұрғысынан алғанда Оңтүстік Қазақстан учаскесіндегі Жібек жолының тарихи-мәдени мұрамен, кәсіпшіліктермен және ұлттық дәстүрлермен танысу ұштасатын экзотика, қызықты оқиғалар, таулы жерлерді аралау, тау спортымен, аңшылықпен, қауіп-қатерлі элементтері бар саяхатпен айналысу үшін бірегей ресурстық ұштасуы болатынын атап айтуға болады.

Бас жоспарда:

- осындай аралау объектілері аймақтарының шектерінде шоғырланған жаяу жүру маршруттарына біріккен туристік аймақтардың бірыңғай жүйесін қалыптастыру, туристік мекемелердің орналасатын, қызмет көрсететін және демалыс уақытын қамтамасыз ету, туристік аймақтарды көліктік маршруттар жүйесімен біріктіру;
- туристік көрсетімдер мен аралаулар объектілерін дамыту, оның ішінде демалыс және көңіл көтеру объектілерінің, спорттық-ойын-сауық кешендерінің өткізу қабілетін, халықаралық туристік орталықтарды, конгресстер, көрмелер, жәрмеңкелер орталықтарын салуды ұлғайту;

- қонақүй желісін, сауда-тұрмыстық және ақпараттық объектілер желілерін, туристік бюролар мен көлік агенттіктерін дамыту;

- әуежайда, темір жол вокзалдарында туристерге көліктік қызмет көрсету жүйесін дамыту, арнаулы автокөлікпен және автомобилі прокатымен қызмет көрсететін парктер мен кәсіпорындарды дамыту және туристік аймақтарда автотұрақтардың сыйымдылығын ұлғайту көзделеді.

## Экологиялық талаптар

Шымкент қаласының қала құрылысын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарға:

- қаланың ұдайы экологиялық жайсыз аймақтарында, ең алдымен оның орталық бөлігінде, оңтүстік шығыс, шығыс және оңтүстік секторларында өмір сүру қызметінің ортасын түбегейлі сауықтыру;

- табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау, шаруашылық қызметін жоғалтқан шағын өзендердің аңғарларын оңалту мен қалпына келтіру жөніндегі, сондай-ақ резервтік аумақтарда жаңа жасыл желекті алқаптарды қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

- өмір сүру қызметі ортасының жайлылығын, соның ішінде аумақты көгалдандыру және қаланың тұрғын және қоғамдық үйлерінің аймақтарындағы мезоклиматтық әрі микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру жатады.

Шымкенттің қала құрылысын дамытуға арналған экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары:

- тұрғындардың денсаулығына қауіп туғызатын экологиялық қатерлі аймақтарды жою;

- күшті техногендік қысымға ұшыраған аумақтарды (рұқсатсыз қоқыс үйінділері төгілген аумақтарда, газданған және магистралдар маңындағы аумақтардағы шулы жайсыз аймақтар және т.б.) санациялау, оңалту, қайта ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру;

- экологиялық қауіптілігі жоғары көздер болып табылатын өндіріс орындарын жою;

- экологиялық жағынан таза, қалдықтары аз және қалдықсыз технологияларды, өндірістердің ағынсыз циклын енгізу, өнеркәсіп, энергетика, қала шаруашылығы объектілерін қазіргі газ тазартатын, шаңды сорып алатын және суды тазартатын жабдықтармен жарақтандыруды 100%-ке жеткізу;

- сұйытылған және қысылған газбен жұмыс істейтін автомобильдер санын көбейту есебінен моторлы отын түрлерінің пайдаланылатын құрылымын өзгерту;

- ауыз су сапасының, өндірістік және коммуналдық сарқынды сулар мен үстіңгі беттердегі сарқынды суларды тазарту стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету;

- үздіксіз қозғалыста болатын автомагистральдарды салу;

- жүк көліктері мен аралас көліктер қозғалысы басым айналма автомагистральдар салу;

- өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтарды толық қайта өңдеу мен зарарсыздандыру болып табылады.

## Аумақты қорғау және қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Аумақты пайдалану сипатына қарай қала құрылысын дамытуды, функционалдық ұйымдастыруды және саралауды айқындау барысында " Сейсмикалық аудандарда құрылыс салу" 1.2-4-98 ҚНЖЕ негізге қабылданды.

Шымкент қаласының тұрақты жұмыс істеуін арттыру және оның халқын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар әсерінен қорғау мақсатында жобада мынадай қала құрылысы іс-шаралары:

- қала аумағын неғұрлым айқын функционалдық аймақтандыру;

- бұрынғы бар өндірістік аумақтарды одан әрі қалыптастыру;

- селитебті аймақтарды жасыл желек алаптарының жоспарланған аудандарына бөлу және өзендердің су сақтау алаптарын көгалдандыру;

- көше-жол желісін одан әрі дамыту және оның негізінде тұрақты жұмыс істейтін жалпы қалалық желі құру көзделіп отыр.

## Тарихи-мәдени мұраны сақтауға және оны жаңартуға қойылатын талаптар

Шымкент қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары қаланың тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және жаңартуға қойылатын мынадай талаптарды орындауды:

- қала құрылысы және сәулет саласындағы құралдарының бүкіл тарихи табиғи-ландшафтты, жоспарлы, композициялы, археологиялық және қала ортасы негіздерін, қалалық және табиғи ландшафтты, көшелердің, алаңдардың және орамдардың тарихи желісін, қала құрылысы ансамбльдері құрылысының тарихи жүйесін, көрермендік басым идеяларды, назар аударуды және қала кеңістігінің көрермен қабылдайтын аймақтарын, жылжымайтын мәдени ескерткіштерді, құрылыстың тарихи сипатын және абаттандырылуын сақтауын, айқындауын және назар аударып отыруды;

- жылжымайтын мәдени ескерткіштер аумақтары мен құқықтық қала құрылысы регламенттерін қорғау аймақтары үшін қала құрылысы қызметінің аталған аумақтар мен аймақтардың шекараларын айқындайтын және шекаралардағы реттеу режимдерін белгілеуді және сақтауды;

- жылжымайтын мәдени ескерткіштерді жаңғырту және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарының көлемін үлкейтуді қамтамасыз етуге тиіс.

Бас жобада Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғауды ұйымдастыру схемасы мен Тарихи-мәдени мұра ескерткіштер тобын қорғауды ұйымдастыру жөніндегі шектеу іс-қимылы аймақтарының схемасы орындалған.

## Табиғи кешен аумақтарын сақтаудың және дамытудың негізгі бағыттары

Шымкент қаласының табиғи кешені табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафты құрау функцияларын орындайтын және қаланың табиғи-ландшафтты қыртысын қалыптастыратын өсімдіктері мен су объектілері басым аумақтар жиынтығы болып табылады. Табиғи кешен аумақтарына: табиғи аумақтар - дендропарк, өзендер мен бұлақтардың құрылыс салынбаған табиғи аңғарлары; көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, бақтар, бульварлар мен гүлзарлар, бақ-саябақ өнері және ландшафтық сәулет ескерткіштері, сондай-ақ тұрғын үйлер құрылысының көгалдандырылған аумақтары, қоғамдық, өндірістік және коммуналдық мақсаттағы объектілер; резервтік аумақтар - бұл бұзылған және табиғи қасиеттерін жоғалтқан аумақтарды қайта қалпына келтіру үшін, жаңадан көгалдандырылатын аумақтар үшін резервке қойылатын аумақтар жатады.

Табиғи кешен аумақтарын сақтаудың және дамытудың негізгі бағыттары:

- Шымкент қаласының, қала маңы аймағы мен Шымкент агломерациясының тұтастығын сақтауды;
- әртүрлі сатылық деңгейдегі рекреациялық аймақтарды қалыптастыруды;
- экологиялық тұрғыдан жобалауды және накты табиғи кешен аумақтарын күтіп ұстауды көздейді.

## Аумақтарды сәулеттік жоспарлауды ұйымдастыру

Қаланы одан әрі дамытудың Бас жоспары қаланың ішкі аумақтарын интенсивті пайдалана отырып, қала шегінен тыс жерлерде көзделеді.

Қаланы аумақтық дамыту басты жоспарланған орталықтарды бойлай: солтүстік, солтүстік шығыс және солтүстік шығыс пен солтүстік батыс бағыттағы бос аумақтарды игеру есебінен жасалады.

Бас жоспарда жаңа тұрғын үй құрылысын көп қабатты да, шағын қабатты үйлер салу арқылы да жүргізу көзделуде. Көп қабатты үйлер құрылысы қалыптасқан дәстүрлер бойынша солтүстік бағытта Қонаев гүлзарын қалыптастыруды аяқтай отырып жүргізіледі. Сонымен бірге, жобада солтүстік бағытта жаңадан жоспарланған үш аудан қалыптасатын селитебті аумақтардың жинақталған бөлігін құру көзделеді.

Қаланың бұрынғы және жаңа бөлігін байланыстыратын негізгі жалпы қалалық магистральдар Адырбеков, Қазиев көшелерінің жалғасы және демалыс аймағына апаратын магистраль болады.

Бірінші кезектегі құрылыс кезеңінде жоспарланған IV ауданның солтүстік-батыс бағытында және жоспарланған IV ауданда есептік мерзімде аз қабатты құрылысты дамыту өріс алады.

Қаланың перспективалық жоспарлау құрылымын қалыптастыру негізі - табиғи экологиялық және көліктік құрылымды қалыптастыру болып табылады.

Қаланың ендік бағытымен саябақтар, гүлзарлар, бульварлар және қаланың " тыныс алуы" болып табылатын басқа да көгалдандырылған аумақтар арқылы ағып өтетін өзендер табиғи-экологиялық қыртысты қалыптастырады.

Сыртқы ортаны оның қала бөлігімен жалғастыратын негізгі табиғи шептер бойынша кеңінен көгалдандыру алаптары жасалады.

Жобада көгалдандырудың жолақтық-алаптық жүйесі ұсынылып отыр, онда жобаланатын тұрғын аудандар күнделікті және қысқа мерзімдік демалыс үшін арналған жасыл кең жолақтар - әр түрлі мақсаттағы "жолақтық саябақтар" арқылы салынады. Бұл орайда жаңа тұрғын аудандардың жобаланатын жасыл желектері, бұрыннан бар көкке орнаған жалпы қалалық саябақтар мен гүлзарлар көшелерді көгалдандыру және бульварларды жобаланатын орман-саябақ аймақтары арқылы біріктіріліп, халықтың күнделікті демалыс орнын тұрғын үйлерге жақындата түсіп тұр.

Жоспарланатын құрылымды жаңартудың және дамытудың аса маңызды шарты өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру болып табылады, ол экологиялық қауіпсіздікті арттыруды және азаматтық құрылыс объектілеріне дейін қажетті нормативтік ажыратуларды сақтай отырып, қала мүддесі үшін аумақтың қала құрылысы әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалануды мақсат етіп қояды.

Бас жоспар қаланың көлік құрылымын дамытуды және жетілдіруді көздейді. Тұтас алғанда көліктік-жоспарлы құрылым жоқ аумаққа да, жаңа аумаққа да бірыңғай жүйеде байланысқан радиалы-айналма магистралдар желісі болып табылады. Тұрғын үйлер мен магистралды аудандар арасындағы өтпе жолдар батыстан шығыс және оңтүстік батыстан солтүстік шығыс бағытына тұрғын үйлерді: оңтүстік солтүстікке немесе оңтүстік шығыс - солтүстік батысқа

қолайлы бағдарлау үшін жүргізіледі.

Көше-жол желісін дамытудың негізіне жылдам жүруге арналған қалалық жолдардың және қалалық маңызы бар магистральдардың біртұтас жүйесін құру принципі алынған, мұның соңғысы магистральдарда қозғалысты саралай үздіксіз және реттеп отырады.

Қаланың транзиттік легін қалалық орталығынан бұрып жіберу үшін Бас жоспарда қаланың негізгі бөлігін айнала отырып, үздіксіз қозғалыстың айналма магистралы көзделген.

Қаланың атмосфералық жай-күйін жақсарту мақсатында Бас жоспарда көше-жол желілерін жетілдіру, электр көлігінің үлесін ұлғайту, автосервис желілерін дамыту және т.б. ұсынылады.

Қаланың одан әрі өсуі жалпы қала орталығы жүйелерінің тармақталуымен қоса жүреді.

Қаланың солтүстік бағытта дамытылуымен бірге бас көшелер қала орталығында төбеден бастап Ордабасы алаңында үйлесімді ажырап тұрады, онда цитадель - қала басталуына негіз болатын қамал орналасқан.

Орталық қазықта тарихи қалыптасқан жобалау және сәулеттік-кеңістіктік құрылымды, тарихи орындар, бульварлар, алаңдар құрылымдарын сақтау мен дамыту, тарихи табиғи ландшафтық қыртыстың жойылған бөліктерін қайта қалпына келтіру көзделіп отыр.

Бас жоспарда мәдени-танымдық орталықтар негізінде тарихи-мәдени қорды одан әрі сақтау жөніндегі шараларды жүргізу ұсынылады.

Осы жобада Солтүстік көшесінен жоғары және мемориалдық Қасірет саябағынан оңтүстікке қарай бос аумақта жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты орналастыру нұсқасы ретінде жаңа алаң салу ұсынылады. Орталықтың құрамына облыстық және қалалық әкімдіктердің жаңа ғимараттары, мемлекеттік басқару органдарының мекемелері, бизнес орталығы, көп нысаналы мақсаттағы ірі зал, супермаркет, қонақүй, қалалық және облыстық халық соттары, банктер мен офистер кіреді. Сол және оң жағынан биіктігіне назар аударылатын жартылай тұйық (жартылай шеңберлі) композиция алаңға жүргіншінің жартылай тұйықты қабылдауына есептелген ауқымды келбет беріп тұр.

## Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Қызмет көрсету, мәдениет, демалыс, туризм, білім беру, әкімшілік және іскерлік саласындағы функциялар мен жұмыс орындарының негізгі бөлігін өзіне шоғырландырған қоғамдық аумақтар қала аумағының урбанизацияланған өзегінің функционалдық және сәулеттік-кеңістіктік негізін құрап тұр.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары: жалпы қалалық

қоғамдық орталықтар аумақтарының бірыңғай жүйесін дамытуды, ірі тұрғын үйлер алаптарына қызмет көрсетудің жергілікті көп салалы орталықтары желілерін дамытуды көздейді.

Жалпы қалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының бірыңғай жүйесін дамыту:

- атқарушы және үкіметті органдардың арнайы орналастыру аймақтарын қалыптастыруды;
- қаланың орталық аудандарының мәдени, бос уақыт функцияларын дамытуды;
- қала қазығының орта белдеуі мен шет жақтарында қоғамдық аумақтарды интенсивті дамытуды (орталықтар, тораптар мен көп функционалы аймақтар), оларда іскерлік, әкімшілік және сауда саласындағы жұмыс орындары мен көлік тасқындары функцияларының негізгі массасын шоғырландыруды;
- рекреациялық, спорттық, бос уақыттық, мәдени орталықтарда қаланың көлік тораптары мен интенсивті аралайтын байланыс аймақтарында мәдени-тарихи мұра аумақтарынан қалыптасқан урбанизацияланған және табиғи қыртысты аймағында интенсивті дамытуды көздейді.

Көп функционалы жоспарланған орталықтар желілерін дамыту қаланың шеткі аудандарындағы тұрғын үй алаптарында осы аудандар тұрғындары үшін жайлы, оның ішінде толық мәнді әлеуметтік сауда инфрақұрылым кешендеріне жүргіншілердің жетімділігі мен жаппай бос уақыттық және жұмыс орындарына сұранысты дамытуды көздейді.

## Қала құрылысы аумақтарын аймақтандыру

Шымкент қаласын дамытудың Бас жоспарында қала құрылысы аумақтарын аймақтандыру "Қала құрылысы" 2.07.01-89 Құрылыс нормалары мен ережелеріне және 3.01-07-2001 ҚР Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес белгіленеді. Бас жоспар қала құрылысындағы кадастрлі секторлардың аумақтық деңгейде функционалды пайдаланылуын (функционалды мағынасы) талап етеді. Қала құрылысындағы кадастрлік сектор болып Шымкент қаласының магистральды көшелерінің қызыл жолақты белгілерін қоса алғандағы аумақтық бірліктер шекарасымен, табиғи кешенді аумақтар шекарасымен, өзге де шекаралармен шектелген аумақтары саналады. Шымкент қаласының шекаралық шегінде орташа алаңы 40-60 га алаңды құрайтын 155-ке тарта құрылымдық кадастрлық сектор бар.

Қала құрылысы кадастрлық секторының функционалдық міндеті өз шекараларында тұрғын үй, қоғамдық өндірістік, табиғи объектілер учаскелері алаңдарының рұқсат етілген қатынасын белгілейді. Қала құрылысы кадастрлық

секторы аумақтарының белгіленген функционалдық міндеті Шымкент қаласының құрылысын дамытудың мақсаттарына, талаптарына және негізгі бағыттарына сәйкес қала салу қызметін жүзеге асыру кезінде қала аумағын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды құралы болып табылады.

Қала құрылысы кадастрлық секторы аумақтарының белгіленген функционалдық міндеті жергілікті органдар үшін қала салу және жер учаскелерін пайдалану саласында шешімдер қабылдаған кезде міндетті болып табылады.

Бас жоспар шеңберінде қала құрылысы кадастрлық секторы аумақтарының белгіленген функционалдық міндеті Шымкент қаласын аумағын функционалдық аймақтандыру схемасымен белгіленеді.

Функционалдық аймақтандыру схемасы Шымкент қаласы құрылысын дамытудың негізгі бағыттарында және Бірінші кезекті қала құрылысы іс-шараларының бағдарламасында көзделген қала аумағын пайдаланудағы өзгерістерді заңды түрде бекіте түседі.

Схема аумақтарды функционалдық пайдалануды өзгертудің мынадай үрдістерін көрсетеді:

- табиғи мақсаттардағы аумақтардың және тұрғын аумақтардың үлесін көбейту;
- қоғамдық мақсаттардағы аумақтардың үлесін қарқынды түрде ұлғайту;
- арнаулы аумақтардың үлесін қысқарту және аралас функционалдық пайдаланылатын аумақтардың үлесін көбейту.

## Көлік инфрақұрылымын дамыту

Облыс орталығының сыртқы байланыстары темір жол, әуе жолы, оңтайлы көліктер, автомобиль жолдары, сондай-ақ құбыр тасымалы арқылы көрсетіледі.

Шымкент қаласының Бас жобасында көліктің және көше-жол желісінің қаланың жоспарлы құрылымымен және оған іргелес жатқан аумақтармен байланыста барлық функционалдық аймақтармен, қалаға таяу жердегі объектілермен, сыртқы көлік объектілерімен және оңтайлы жолдармен тез әрі қауіпсіз көлік байланысын қамтамасыз ететін бірыңғай жүйесі көзделген.

Қаланың көше-жол желісі көшелер мен жолдардың функционалдық мақсаттары, көлік және жаяу қозғалыстың қарқындылығы, аумақты архитектуралық-жоспарлауды ұйымдастыру және құрылыстың сипаты ескеріле отырып жоспарланған. Магистральды көшелер мен жолдардың қиылысында, сондай-ақ автомобиль трассаларының жүрісі көп учаскелерінде жер үсті және жер асты жолдарын салу көзделеді.

Қала ішіндегі қоғамдық көліктің негізгі түрі автобус және шағын автобустар, қосымша көлік троллейбус болып қабылданды.

Жобада автобустар паркін кеңейту және жаңарту, жаңа жолаушылар автомобиль көліктері кәсіпорындарын қайта салу және салу белгіленіп отыр ( Ж К А К ) .

Автомобильдерді тұрақты және уақытша сақтау мен оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар желісі Шымкент қаласының әкімшілік аудандар аумақтары мен басқа да аумақтық бірліктерін келешекте өсуі, қаланы жоспарлау мен салу жобалары ескеріле отырып жоспарланған.

Шымкент қаласын дамытудың Бас жоспарының бас мақсаты - жайлы, қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы тіршілік ортасын жасауға бағытталған қала құрылысы іс-шаралары кешенін жүргізу.

Шымкент қаласын дамытудың Бас жоспары тұжырымдамасы қаланы келешекте дамытудың негізгі және принципті негіздерін айқындайды.

Бас жоспардың негізгі архитектуралық-қала құрылысы идеясы Шымкент қаласының келбетін сақтау мен қалыптастыруды көздейді.

## Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

Сумен жабдықтау

Бас жоспар қаланың сумен жабдықтау жүйесін дамытудың мынадай бағыттарын:

- қаланы сумен жабдықтаудың бар көздерін сақтауды және дамытуды ( Тассай-Ақсу және Сайрам-Бадам кен орындарының жер асты суын Тоғыс су қоймасы мен Қошқар-ата өзенінің беткі суларын);

- оның өнімділігін тәулігіне 70,81 мың $м^3$-ден (бастапқы жылы) 363,07 мың $м^3$-ге дейін (есептік мерзім) ұлғайту арқылы оның бұрыннан бар шаруашылық ауыз су өндірістік және өртке қарсы пайдаланылатын және өндірістік су құбырлары аймақтық жүйесін сақтауды және дамытуды;

- су жинау құрылыстарын кеңейту және қайта құру есебінен қаланың сумен жабдықтау жүйесінің деңгейінің беріктігін арттыруды, бұрыннан барларын қайта құруды және жаңа су құбырлары желісін салуды, су құбырлары құрылыстарының автоматты жүйесін басқаруды орталықты ұйымдастыруды және су тазартудың жаңа технологиясына көшуді;

- шағын қабатты үйлер құрылысы аудандарында, жаңа қала құрылысы аудандарында сумен жабдықтаудың жаңа құрылысын салуды игеру, магистралдық желілерді сумен жабдықтаудың бар жүйесімен байланыстыра отырып, тұрақты ұйымдастыруды көздейді.

Кәріздер

Бас жоспарда кәріз жүйесін дамыту бөлігінде:

- қазіргі бар кәріз жүйесінің сенімді жұмыс істеуін (толық) жасанды биологиялық тазарту құрылғыларын кеңейту есебінен жалпы қуатын тәулігіне 197 мың м $^{3}$ -ден 275 мың м $^{3}$ - ге дейін жеткізе отырып арттыру;

- кәріз желісін дамыту, жаңа магистральдық коллекторлар салу, ескірген желілер орнына жаңаларын қайта құру, су айдайтын жаңа сорғы стансаларын, қысыммен су айдайтын жаңа үш сорғы стансаларын қаланың солтүстік-батыс бөлігінде және қала шекарасына кіретін Карл Маркс және Қызылжар селолары аумағы арқылы перспективада салу;

- жол беруге болмайтын зиянды заттар шоғырланымының қалалық кәрізге тасталуын болдырмау мақсатында технологиялық процестерді жетілдіру есебінен сарқынды суларды тазартудың технологиясы мен сапасын жақсарту көзделеді.

Жылумен жабдықтау

Жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған көздерінің жалпы қуаты есептік мерзімге 545 Гкал/сағаттан (бастапқы жылы) 1920 Гкал/сағатқа дейін көзделген. Шымкент қаласы жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары Бас жоспарда мыналар:

- орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін ең бір жетілдірілген энергия үнемдейтін және экологиялық жағынан тиімді технология ретінде жылу беру базасында сақтау жетілдіру және одан әрі дамыту;

- шағын қабатты тұрғын үй қоры аудандарында зауытта дайындалған қазіргі жоғары сапалы автономды жылу жабдықтарын енгізу есебінен жылумен жабдықтау жүйесін орталықтандырудан алуды жетілдіру, қайта жаңғырту және дамыту болып табылады.

Жылу беру жүйесінде:

- қаланың орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың негізгі көзін 1-3 екі энергетикалық қазандықтармен және екі тұрба агрегаттарымен табиғи газды негізгі отын ретінде сақтай отырып кеңейту;

- қазіргі бар РК-1, РК-2 және РК-3 аудандық қазандықтарды ЖЭС-3-пен бірлескен жұмыстың жоғары режиміне ауыстыра отырып консервациядан алу мен оңалту;

- ЖЭС-2 жабдықтарын жапсарлас жатқан өнеркәсіп кәсіпорындарының бумен жабдықтау үшін екі қазандығын сақтай отырып жұмыстан шығару;

- қаланың солтүстік бөлігіндегі жаңа көп қабатты үйлерді құрылысын жылумен қамтамасыз ету үшін РК-4 су жылыту жаңа қазандығын салу;

- жылу беру аймағында қалыптасқан жылу магистралдерінің жаңа жылу желілерін салу, қайта құру және күшейту көзделеді.

Электрмен жабдықтау

Қалалық электрмен жабдықтауды дамыту жүйесіндегі негізгі бағыттары:

- кернеуі 220 кВ ішкі жүйе құрайтын және одан жоғары желілерді дамыту; 220/110 кВ жаңа қосалқы стансалар салу; оны электрмен жабдықтаудың беріктігін арттыру үшін қала маңында 220 кВ шеңбер сақина салуды жалғастыру;

- қазіргі бар құрылыс аймағында физикалық және моралдық жағынан ескірген электр желілері объектілерін қайта құру және техникалық жарақтандыру;
- 35 кВ қосалқы стансаны 110 кВ кернеуге ауыстыру;
- перспективалық құрылыста аудандарды электрмен жабдықтау үшін 110/10 кВ жабық типтегі жаңа қосалқы стансалар салу;
- электр берілісінің кернеуі 35 және 110 кВ болатын жоғары вольтті желілердің өту трассасын реттеу;
- қаланың қазіргі бар барлық бөлу желілерін 10 кВ кернеуге ауыстыруды аяқтау көзделеді.

Газбен жабдықтау

Бас жоспарды тұтынушылардың барлық санаттарын толық көлемде табиғи газбен қамтамасыз ету мәселелері шешіледі.

Газ кен орындары жақындығын, қазіргі жақсы дамыған магистралды жүйенің, сонымен катар қалалық газ құбырлары мен құрылыстарының бар екендігін ескере отырып, жобаланатын бүкіл кезеңге барлық жылу беретін отынның негізгі түрі ретінде табиғи газды пайдалану ұсынылады.

Газдың 2015 жылғы кезеңге шығыны 1155,0 млн.м $^3$ болып белгіленген.

Телекоммуникация және байланыс

Бас жобада есептік шамаға дейінгі қалалық абонент сыйымдылығын телекоммуникациялық желісін цифрлау базасында көтерме талшықты технологияға көше отырып одан әрі өрістету көзделеді.

Жаңа қала құрылысын игеру аудандары бағытында телефонның кабельдік арналарын салу және жұмыс істейтін әуе желілері байланысын кабельдік арнаға кезең-кезеңімен салу белгіленеді.

Есептік мерзімге жұмыс істеп тұрған 25 АТС-ті кеңейту және 14 жаңа электрондық АТС-ті салу белгіленді.

Аумақтарды құқықтық аймақтандыру

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бас жоспардың жобалық шешімдері негізінде Шымкент қаласының аумағын аумақтарға құқықтық аймақтау - қалалық бас жоспарды іске асыру тетігі, қолайлы өмір сүру ортасын

құру жөніндегі жергілікті қоғамдастықтың экономикалық және қала құрылысын дамыту жоспары орындалды. Құқықтық аймақтау негізінде "Жер пайдалану мен құрылыс салу" ережелері әзірленді .

**Шымкент қаласының Бас жоспарының техника-экономикалық көрсеткіштері**

| Көрсеткіш | Өлшеу мөлшері | Жыл нәтижесі (01.01.2001ж.) | Бірінші кезегі (2005ж.) | Есеп мерзімі (2015ж.) |
|---|---|---|---|---|
| **1. Аумақ** | | | | |
| **А. Селитебтік аумақ** | | | | |
| 1. Мөлтек аудандар, оралымдар | га | 4355,0 | 5063,0 | 6085,7 |
| 2. Кәсіпорындар мен мекемелердің участке. лері (мөл.аудандық мекемелерден басқа) | га | 530,0 | 753,6 | 2158,3 |
| 3. Жалпы пайдалану. дағы көгалдандырыл. ған аумақтар (мөл. аудандық көгалдардан басқа) | га | 117,0 | 267,0 | 960,0 |
| 4. Көшелер | га | 1111,0 | 1349,0 | 2361,0 |
| 5. Зираттар | га | 90,0 | 90,0 | 90,0 |
| 6. Арнайы аумақтар | | 40,0 | 40,0 | 40,0 |
| 7. Басқа да аумақтар (өндірістік кәсі. порын., коммуналды-қоймалық объектілер, пайдаланбайтын ыңғайсыз т.б) | га | 351,0 | 351,0 | 103,0 |
| **Сонымен А бойынша** | га | 6594,0 | 7914,2 | 11798,0 |
| **Б. Селитебтік емес аумақтар** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. Өндіріс, транспорт, байланыс, қорғаныс, т.б. ауыл шаруаш. саласына қатысты емес жерлер, оның ішінде: | га | 2518,0 | 2518,0 | 3229,0 |
| - өнеркәсіп | га | 919,0 | 919,0 | 950,0 |
| - транспорт | га | 380,0 | 400,0 | 485,0 |
| - теміржол | га | 201,0 | 201,0 | 231,0 |
| - байланыс | га | 25,0 | 25,0 | 30,0 |
| - санитарлық-қорғау аймағы | га | - | - | 1165,0 |
| - техникалық құрылымдар | га | 170,0 | 190,0 | 250,0 |
| - тағы басқа | га | 823,0 | 783,0 | 118,0 |
| 9. Табиғи аумақтардың ерекше қорғаудағы жерлер (ұлттық, дендро және хайуанаттар бақтары) | га | 191,0 | 191,0 | 191,0 |
| 10. Орман қорларының жерлері | га | 114,0 | 114,0 | 114,0 |
| 11. Су қорларының жерлері | га | 421,0 | 421,0 | 601,0 |
| 12. Қала айналасындағы санитарлық-қорғау орман алқаптары | га | - | - | 412,0 |
| **Сонымен Б бойынша** | га | 3244,0 | 3244,0 | 4547,0 |
| **В. Қала шегіндегі бос аумақтар** | га | 3192,0 | 1871,8 | - |
| **Сонымен А+Б+В бойынша (қала шегіндегі аумақтар)** | га | 13030,0 | 13030,0 | 16345,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Оның ішінде қалаға қосылатын Сайрам аудандық аумақтары | га | - | - | 1519,0 |
| **Басқа аумақтар** | га | 22127,0 | 22127,0 | 18812,0 |
| **Барлығы** | га | 35157,0 | 35157,0 | 36676,0 |
| **2. Халық** | | | | |
| 2.1. Қала халқының саны | Мың адам | 418,5 | 500,0 | 600,0 |
| 2.2. Халық тығыздығы: | | | | |
| 2.2.1. селітебті аумақ ішінде | Ад/га | 65,8 | 63,2 | 50,9 |
| 2.2.2. қалада құрылыс салу аумағының негізінде | Ад/га | 32,1 | 38,4 | 36,7 |
| 2.3. Халықтық жас шамасының құрылымы | | | | |
| 2.3.1. 15 жасқа дейінгі балаларды қоса | Мың адам | 133,5 | 156,5 | 191,4 |
| 2.3.2. Еңбекке жарамды жастағы халық (ерлер 16-63 жастағы, әйелдер 16-58) | Мың адам | 246,9 | 297,0 | 351,6 |
| 2.3.3 Еңбекке жарамды жастан үлкен халық | Мың адам | 38,1 | 46,5 | 57,0 |
| 2.4. Жұмыспен қамтылған халық саны, экономика саласы мен өздігінен (дербес) жұмыспен айналысатын, барлығы | Мың адам | 158,8 | 194,5 | 237,6 |
| **3. Тұрғын үй құрылысы** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тұрғын үй құрыл. қоры, оның ішінде Тельман, Куйбышева, Ленин, Жайлау, Қызылжар, Қазығұрт, К.Маркс, Құрсай, Қайтпас-1, Қайтпас-2 елді мекендерін қоса | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 8323,4 | 10000,0 | 15000,0 |
| 3.2. Жалпы қордан | | | | |
| 3.2.1. көппәтерлі үйлерде | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 3319,0 | 4418,4 | 8813,1 |
| 3.2.2. аулалы үйлерде | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 5004,4 | 5581,3 | 6186,9 |
| 3.3. 60% аса тозған (тұрғын үйлер қоры) | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 634,8 | 634,8 | 259,8 |
| 3.4. Сақталынған тұрғын үйлер қоры | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 8323,4 | 8323,4 | 7998,4 |
| 3.5. Тұрғын үйлер қорының қабаттылық бойынша бөлінуі | | | | |
| 3.5.1. аулалы (коттедж үлгісінде) | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 5004,7 | 5581,3 | 6186,9 |
| 3.5.2. екі қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 192,9 | 192,9 | 155,9 |
| 3.5.3. үш қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 98,1 | 98,1 | 58,1 |
| 3.5.4. төрт қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 448,2 | 1698,2 | 4339,7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.5.5. бес қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 2506,6 | 2956,6 | 486,6 |
| 3.5.6. алты қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 13,0 | 13,0 | 13,0 |
| 3.5.7. тоғыз қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 37,8 | 37,8 | 37,8 |
| 3.5.8. он екі қабатты құрылыс | Жалпы алаңы мың $м^2$ | 22,2 | 22,2 | 22,2 |
| 3.6. Тұрғын үй қорының азаюы | Жалпы алаңы мың $м^2$ | - | - | 375,0 |
| оның ішінде | | | | |
| 3.6.1. техникалық жағдай бойынша | Жалпы алаңы мың $м^2$ | - | - | 190,5 |
| 3.6.2. қайта құрылымдау бойынша | Жалпы алаңы мың $м^2$ | - | - | 20,0 |
| 3.6.3. басқа себептер бойынша (санитарлық қорғау аймағында) | Жалпы алаңы мың $м^2$ | - | - | 164,5 |
| 3.7. Халықтың қаланың жалпы алаңымен қамтылуы, Тельман, Күйбішев, Ленин, Жайлау, Қызылжар, Қазығұрт, К.Маркс, Құрсай, Қайтпас-1, Қайтпас-2 елді мекендерін қоса алғанда | $м^2$/ад. | 17,5 | 20,0 | 25,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.8. Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы | Жалпы алаңы мың м $^2$ | - | 1676,6 | 7051,6 |
| 3.9. Қабаттылылық бойынша жаңа тұрғын құрылыстың қатынасы | Жалпы алаңы мың м $^2$ | - | 576,6 | 1436,7 |
| 3.9.1. аулалық (коттедж үлгісінде) | Жалпы алаңы мың м2 | - | 650,0 | 3935,0 |
| 3.9.2. жоғарғы тығыздықтағы төрт қабатты құрылыс салу | Жалпы алаңы мың м $^2$ | - | 450,0 | 679,9 |
| 3.9.3. жоғарғы тығыздықтағы бес қабатты құрылыс салу | | | | |
| **4. Мәдени көрініс және әлеуметтік-тұрмыстық саласын. дағы мекемелер** | | | | |
| 4.1. Мектепке дейінгі балалар мекемелері барлығы: | орын | 7730 | 12210 | 33900 |
| 1000 адамға | орын | 18,5 | 24,4 | 56,5 |
| 4.2. Жалпы білім беретін мекемелер барлығы: | орын | 58184 | 73472 | 128800 |
| 1000 адамға | орын | 139 | 147 | 215 |
| 4.3. Емханалар барлығы: | Кезек. тұру | 6593 | 9693 | 21000 |
| 1000 адамға | Кезек. тұру | 15,8 | 19,4 | 35,0 |
| 4.4. Ауруханалар барлығы: | Төсек орын | 2770 | 3770 | 6060 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1000 адамға | Төсек орын | 6,6 | 7,5 | 10,1 |
| 4.5. Сауда кәсіпорындары | | | | |
| барлығы: | Сауда орнының $м^2$ | 88120,0 | 101120,0 | 162000,0 |
| 1000 адамға | Сауда орнының $м^2$ | 210,0 | 202,0 | 270,0 |
| 4.6. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары | | | | |
| барлығы: | орын | 15599 | 17299 | 24000 |
| 1000 адамға | орын | 37 | 35 | 40 |
| 4.7. Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары | | | | |
| барлығы: | Қызмет орны | 2692 | 3112 | 4800 |
| 1000 адамға | Қызмет орны | 6,4 | 6,2 | 8,0 |
| 4.8. Мәдени-көрініс мекемелері | | | | |
| 4.8.1. Кинотеатрлар, мәдениет үйлері | | | | |
| барлығы: | орын | 5125 | 6275 | 21000 |
| 1000 адамға | орын | 12,2 | 12,6 | 35,0 |
| 4.8.2. Театрлар: | | | | |
| барлығы: | орын | 704 | 704 | 3000 |
| 1000 адамға | орын | 1,7 | 1,4 | 5 |
| 4.8.3. Мұражайлар | | | | |
| барлығы: | объект | 2 | - | - |
| 1000 адамға | | | | |
| 4.8.4. Кітапханалар | | | | |
| барлығы: | Сақтау мөлшері | 403,5 | 693,5 | 2760,0 |
| 1000 адамға | Сақтау мөлшері | 1,0 | 1,4 | 4,6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.9. Өрт сөндіру депосы | | | | |
| барлығы: | өрт сөнд. көлігі | 21 | 36 | 72 |
| 1000 адамға | өрт сөнд. көлігі | 0,5 | 0,7 | 1,2 |
| 4.10. Қонақ үйлер | | | | |
| барлығы: | орын | 1026 | 2026 | 3600 |
| 1000 адамға | орын | 2,5 | 4,0 | 6,0 |
| 4.11. Демалыс мекемелері, оның ішінде: | орын | | 53300 | 112600 |
| 4.11.1. ұзақ мерзімді демалыс | орын | - | 35400 | 74200 |
| 4.11.2. аралас демалыс | орын | - | 8400 | 21000 |
| 4.11.3. қысқа мерзімді демалыс | орын | - | 9500 | 17400 |

**5. Транспорттық қамтамасыз ету**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1. Магистральдық көшелер мен жолдардың ұзындығы | | | | |
| 5.1.1. жылдам жылжу жолдардың | км | 68,0 | 68,0 | 92,0 |
| 5.1.2. жалпы қалалық магистральдың | км | 85,0 | 101,6 | 155,0 |
| 5.1.3. аудандық магистральдың | км | 66,0 | 79,0 | 147,0 |
| 5.1.4. тұрғын көшелер | км | 616,0 | 690,0 | 770,0 |
| 5.2. Сыртқы транспорт | | | | |
| 5.2.1. Темір жолы, оның ішінде: | | | | |
| жолаушылар транспорты | мың жолаушы | 278,2 | 33,8 | 467,4 |
| жүк транспорты | мың тонна | 1138,5 | 1480,0 | 2370,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.2.2. әуе транспорт, оның ішінде: | | | | |
| жолаушылар транспорты | мың жолаушы | 21,3 | 28,5 | 100,0 |
| жүк транспорты | мың тонна | 0,27 | 0,1 | 1,0 |
| 5.2.3. жеңіл көлік, оның ішінде: | | | | |
| жолаушылар транспорты | мың жолаушы | 3321 | 6000,0 | 14400,0 |
| жүк транспорты | мың тонна | 887,3 | 3050,0 | 4050,0 |

**6. Инженерлік жабдықтар**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.1. Сумен қамту: | | | | |
| 6.1.1. су тұтыну - барлығы | күн/ мың.$м^3$ | 70,81 | 279,66 | 363,07 |
| | жыл/ млн.$м^3$ | 29,92 | 91,28 | 119,24 |
| оның ішінде ас суы | Күн/ мың.$м^3$ | 65.74 | 232.96 | 286.96 |
| | Жыл/ млн.$м^3$ | 28.36 | 97.50 | 97.50 |
| олардан қала халқының шаруаш. мұқтаждарына | Күн/ мың.$м^3$ | 42.79 | 196.14 | 242.18 |
| | Жыл/ млн.$м^3$ | 15.62 | 66.64 | 72.95 |
| 6.1.2. үлестік су тұтыну | 1 сут 1 тұрғынға | 169 | 559 | 605 |
| оның ішінде ауыз су мұқтаждығы | 1 сут 1 тұрғынға | 102 | 263 | 304 |
| 6.1.3. сумен қамту көздері | | | | |

Жер су асты сулары бойынша Тассай-Ақсу көзі, А+В-819,5 мың $^3$ /сут санаттарының есебі бойынша бекітілген су

қорлары запасы А-В=346,0 мың $^{3}$ /сут.
(126,29 млн м $^{3}$ /жыл)

---

Жер бетіндегі көздер Қошқар ата өзені (10,80т,м $^{3}$ /сут
3,51 млн,м $^{3}$ /жыл)
тоғыс су бөгені пайдалы сыйымдылығы 4.6млн.м $^{3}$

---

6.1.3. бастаған шарттарының өндірістік қабілеті күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$

---

Ішуге жарамды су

1. Тассай 1(30,00 10,95) көлемде күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$ - - -

2. Тассай 11 (35,00 11,51) күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$ - 26,87 35,00 - 5,37 11,51

3. Көмешбұлақ (73,60 26,36) күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$ - - 45,96 10,81

4. Бас тоған N4 (5,00 1,82) көлемде күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$ - - -

5. Ақбай Қарасу (206,00 75,19) күн/мың.м $^{3}$ жыл/млн.м $^{3}$ 65,74 206,00 206,00 28,36 75,19 75,19

---

Техникалық санадағы су

---

Бадам Сайрам (137,00 күн/ - 41,16 70,23

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 50,00) | мың.м$^3$ | | | |
| | жыл/ млн.м$^3$ | | 10,87 | 19,82 |
| Қошқарата өзені | күн/ мың.м$^3$ | 0.23 | 0.23 | 0.23 |
| | жыл/ млн.м$^3$ | 0.07 | 0.07 | 0.07 |
| Тоғыс су қоймасы (12,60 4,6) | күн/ мың.м$^3$ | 4,84 | 5,40 | 5,65 |
| | жыл/ млн.м$^3$ | 1,49 | 1,76 | 1,84 |

## 6.2. Канализация

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.2.1.ағынды сулардың жалпы түсуі | күн/ мың.м$^3$ | 68.10 | 201.15 | 269.89 |
| | жыл/ млн.м$^3$ | 23.27 | 71.01 | 95.44 |
| Соның ішінде | | | | |
| Қаладағы тазарту шарттарына төгілетін ағындылар | күн/ мың.м$^3$ | 57,98 | 171,60 | 238,97 |
| | жыл/ млн.м$^3$ | 19,98 | 61,40 | 85,39 |
| 6.2.2.Локалды тазарту имараттарына төгілетін ағындар | күн/ мың.м$^3$ | 10.12 | 29.59 | 30.92 |
| | жыл/ млн.м$^3$ | 3.29 | 9.61 | 10.05 |
| 6.2.3. Үлеспек су тарту. Барлығы | 1 сүт 1 тұр. ғынға | 163 | 428 | 450 |
| Оның ішінде шаруашылық тұрмыстық ағындар | 1 сүт 1 тұр. ғынға | 68 | 263 | 304 |
| 6.2.4. қаладағы тазарту имараттарына | күн/ мың.м$^3$ | 197.0 | 197.0 | 274.82 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| өндірістік қуаты | жыл/ млн.м$^3$ | 61.12 | 61.12 | 100.23 |
| 6.2.5. жергілікті тазарту имараттарына | күн/ мың$^3$ | 34.80 | 29.55 | 30.92 |
| өндірістік қуаты | жыл/ млн.м$^3$ | 12.29 | 9.61 | 10.05 |
| 6.2.6. тазаланған ағынды сулардың қашыртқы орны | | | | |
| Қалалық канализация - ӨҚШ аймақ | Мың га | 2.100 | 5.700 | 7.85 |
| Өндіріс канализациясы | | | | |
| 6.3. Электр қуатымен жабдықтау | | | | |
| 6.3.1. Электр қуатын пайдалану жиынтығы | Млн кВт.с | 499.6 | 1496.02 | 2175.44 |
| Оның ішінде: | | | | |
| Коммуналды тұрмыстық мұқтаждарға | Млн кВт.с | 59.9 | 645.85 | 1044.27 |
| Өнеркәсіптің өндірістік мұқтаждарына | | 74.9 | 703.54 | 793.27 |
| 6.3.2. Әл қуатын пайдалану есебі | кВт.с жылына 1 адамның | 1193 | 2992 | 3226 |
| Оның ішінде: | | | | |
| Коммуналды тұрмыстық мұқтаждарға | кВт.с | 456 | 1292 | 1740 |
| **6.4. Жылумен жабдықтау** | | | | |
| Орталықтандырылған көздерінің белгіленген қуаты, барлығы: | Гкал/с | 845 | 1065 | 1920 |
| Оның ішінде: ТЭЦ | Гкал/с | 645 | 645 | 1100 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Аудандық қазандықтар | Гкал/с | - | 270 | 670 |
| Жергілікті көздердің жиынтық қуаты | | 200 | 150 | 150 |
| 6.4.2. Тұтыну. | | | | |
| Барлығы: | Гкал/с | 1271 | 1804 | 2773 |
| Оның ішінде коммуналдық тұрмыстық мұқтаждарға | Гкал/с | 1099 | 1421 | 2165 |
| өндірістік мұқтаждарға | Гкал/с | 172 | 383 | 608 |

---

6.5. Газбен жабдықтау

---

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.5.1. Табиғи газда тұтыну. Барлығы: | Млн.м $^3$/жыл | 104.4 | 765.4 | 1155.0 |
| Оның ішінде коммуналдық тұрмыстық мұқтаждарға | Млн.м $^3$/жыл | 20.2 | 21.7 | 357.0 |
| өндірістік мұқтаждарға | Млн.м $^3$/жыл | 55.5 | 443.7 | 798.0 |
| 6.5.2.Газ конденсатын сұйытылған газды өндіріс мұқтаждарына пайдалану | т/жыл | - | 200 | 400 |
| 6.5.3. Табиғи газдың көздері | Магистралды газ құбыры (БПР Ташкент-Шымкент-Алматы) | | | |

---

6.6. Телефондандыру

---

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.6.1. Орнатылған телефон аппараттарының саны | Саны | 78100 | 118700 | 190200 |

---

7. Аумақтардың инженерлік дайындығы

---

7.1. Жүйелердің

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ұзындығы | | | | |
| өздігінен ағынды жабық жауын коллекторлары | Шаршы | - | 1.25 | 45.0 |
| арынды жауын коллекторлары | шаршы | - | - | 9.4 |
| Арынды су құбыры желісі | шаршы | 9.7 | 10.0 | 12.0 |
| Көлденең өздігінен ағатын кәріздеу коллекторлары | шаршы | - | - | 22.0 |
| Арық жүйелер | шаршы | 143.45 | 45.0 | 264.0 |
| Магистральды суармалау каналдары | шаршы | 68.34 | 7034 | 109.00 |
| Оның ішінде: | | | | |
| темір бетон қаптамалары | шаршы | 22.4 | 5.0 | 41.0 |
| Жар арнасында | шаршы | 45.94 | 42.94 | 40.6 |
| Ағын су арналарын көркейту | шаршы | 18.3 | 18.3 | 18.3 |
| Барлығы: | | | | |
| Оның ішінде: | | | | |
| Қапталған арна | шаршы | 1.5 | 1.5 | 8.1 |
| Жер арнасы | шаршы | 16.8 | 16.8 | 10.2 |
| 7.3. Бадам өзені жағасының бекінісі | | | | |
| Құлама бекітпе | шаршы | 2.0 | - | 3.0 |
| Шпунт қабырғасы | Шаршы | - | - | 5.0 |
| Үйме жалдаудың бөгетшесі | Шаршы | - | - | 8.0 |
| 7.4. Тік қысым бұрылғылары | Саны | 22 | 18 | 40 |

---

РҚАО-ның ескертуі. Шымкент қалалық "Бас жоспарының" жобасын қағаз мәтінінен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК